ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 16 мамыр Іс №7119-24-00-2/5659 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы судья Қ.Б.Сәрсекеев, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Астана су арнасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
1. "ESCO Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
2. "Corsair-KZ" Зорин Александр Сергеевич жеке кәсіпкері;
3. "Жамила" Жубаниязова Жамила Сырымқызы жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою арызы қанағаттандырылсын.

"ESCO Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

"ESCO Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж соммасы 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

"Corsair-KZ" Зорин Александр Сергеевич жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

"Corsair-KZ" Зорин Александр Сергеевич жеке кәсіпкерінен мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж соммасы 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

"Жамила" Жубаниязова Жамила Сырымқызы жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Сәрсекеев К. Б., 16.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 26.06.2024, судья Сәрсекеев К. Б., 11.07.2024

"Жамила" Жубаниязова Жамила Сырымқызы жеке кәсіпкерінен мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж соммасы 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья Қ.Б.Сәрсекеев

Құжатқа қол қойылған: Сәрсекеев К. Б., 16.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 26.06.2024 судья Сәрсекеев К. Б., 11.07.2024